

**Қазақстан Республикасы Әділет министрімен
сот-сараптамалық қызмет саласындағы өзекті мәселелер бойынша
кездесудің қорытындысы бойынша**

ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2025 жылғы 25 қарашада өткен Қазақстан Республикасы Әділет министрімен сот-сараптамалық қызмет саласындағы өзекті мәселелер бойынша кездесудің қорытындысы бойынша мыналарды,

ҰСЫНАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

1.1. «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі, атап айтқанда:

- сот-сараптамалық қызмет саласында цифрландыруды заңнамалық тұрғыдан бекіту;

- жеке сот сараптамасының қаржылық тұрғыдан қолжетімділігін олардың қызмет көрсету құнын айқындау әдістемесін заңнамада регламенттеу арқылы қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және жеке сот сарапшылары арасындағы саралауды, сондай-ақ сараптамалық қызметтің тәртібін, оның ішінде сараптама жүргізудің ерекшеліктерін реттейтін құқықтық олқылықтарды жою;

- сараптамаларды шамадан тыс және негізсіз тағайындалудың алдын алуға бағытталған нормаларды заңнамалық тұрғыда бекіту.

1.2. Мынадай бағыттар бойынша қажетті шараларды іске асыруға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу:

- функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту және ауқымын ұлғайту мақсатында бірыңғай ақпараттық жүйені жаңғырту, сондай-ақ сот-сараптамалық қызмет саласында жасанды интеллектті қолдану;

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығын одан әрі материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2026-2027 жылдарға арналған сот-сараптамалық қызметті дамыту жөніндегі Жол картасын уақытылы іске асыру мақсатында Алматы, Шымкент қалаларының, Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, сондай-ақ Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жобаларын қаржыландыру мен іске асыруды қоса алғанда;

- сот-медициналық сараптама тәжірибесіне виртуалды аутопсия әдісін енгізу;

- сот сараптамасы саласындағы жетекші отандық және шетелдік мамандарды оқу процесіне тарту.

1.3. Сот-сараптамалық қызмет саласына талдау жүргізу және құқық бұзушылық түрлерінің, оның ішінде цифрландырудың дамуын ескере отырып, заманауи жабдықтар мен технологияларды енгізу мүмкіндігін қарастыру, себебі олардың жетіспеушілігі қазіргі заманғы талаптарға сай сапалы зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы және Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесіп:

2.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен

ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына тиісті өзгерістер енгізу арқылы сот-медициналық сарапшылар мен медициналық емес бейіндегі сот сарапшыларының еңбекақысындағы теңгерімсіздікті болдырмауға бағытталған қажетті шараларды қабылдау.

2.2. Кадрлық әлеуетті тұрақтандыру, сот сарапшысы мамандығының беделін арттыру, жұмыспен қамтуды ынталандыру және осы саладағы еңбекақының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлерге арналған әлеуметтік қолдау пакетін кеңейту мүмкіндігі арқылы кадрлардың кетуін барынша азайту мақсатында еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша қажетті шараларды қабылдау.